



ТҰАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

«МҰХАМЕДЖАН ТЫНЫШПАЕВ АТЫНДАҒЫ ALT УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

«Мұхаметжан Тынышбаев атындағы ALT Университеті» АҚ-ның (бұдан әрі – Университет) Тұрақты даму саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына, Университет Жарғысына, тұрақты дамудың озық халықаралық стандарттарына, БҰҰ Бас Ассамблеясының «Біздің әлемді өзгерту: 2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» резолюциясына сәйкес әзірленді.

Осы құжат Университеттің тұрақты дамуының негізгі аспектілерін, оның қоғамға және қоршаған ортаға әсерін қоса алғанда, реттейді.

Мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты – Университеттің тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін қалыптастыру кезінде басшылыққа алатын негізгі қағидаттарды, нормалар мен тәсілдерді айқындау.

Міндеті – тұрақты даму қағидаттарын Университет қызметінің барлық салаларына интеграциялау.

Қағидаттар мен бағыттар

Осы Саясат ESG стандарттарына сәйкес келетін негізгі бағыттар мен қағидаттарды айқындайды:

- экологиялық тұрақтылық – қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту;
- әлеуметтік жауапкершілік – инклюзивті, қауіпсіз және қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыру;
- экономикалық тиімділік – ресурстарды ұтымды пайдалану және инновациялық тәсілдерді дамыту;
- ашықтық және есептілік – тұрақты даму саласындағы нәтижелер мен жоспарлар бойынша есептілікті жариялау.

Университеттің міндеттемелері

Тұрақты даму шеңберінде Университет басқарушылық құжаттамаға енгізілетін және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған Климаттық стратегияны әзірлеу және енгізу бойынша міндеттемелерді өзіне алады. Атап айтқанда: ресурстарды тұтынуды оңтайландыру, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, оқу пәндерінің жұмыс оқу бағдарламаларына климаттық тақырыптарды интеграциялау, климаттың өзгеруі және экологиялық тұрғыдан тұрақты технологиялар саласында ғылыми зерттеулер жүргізу.

Тұрақты дамуды басқару жүйесі

Университет тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін енгізді, оған мыналар кіреді:

- Директорлар кеңесі, Басқарма, профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен білім алушылар деңгейінде тұрақты даму қағидаттарына бейілділік;

- тұрақты даму саласындағы мақсаттарды айқындау;

- іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды белгілеу;

- тұрақты дамуды Университеттің негізгі үдерістеріне интеграциялау: тәуекелдерді басқару, стратегиялық жоспарлау, адами ресурстарды басқару, инвестициялар, есептілік және операциялық қызмет.

Күтілетін нәтижелер

Тұрақты даму саясатын іске асыру Университетке осы саладағы өз позициясын нығайтуға, тұрақтылық қағидаттарын білім беру бағдарламаларына, ғылыми зерттеулер мен басқару үдерістеріне енгізуге, сондай-ақ ұзақ мерзімді дамуға бағдарланған жауапты білім беру ұйымы ретіндегі беделін арттыруға мүмкіндік береді.

25.04.2024 ж. № 8 ФК отырысында бекітілді